

ХАТТАМА № 8

11 қазан 2024 ж.

«Машина жасау, машиналар мен жабдықтардың цифрлық инженериясы» бағыты бойынша диссертациялық кеңестің кеңейтілген отырысы (8D07110 – «Машиналар мен жабдықтардың цифрлық инженериясы», 8D07111 – «Машина жасау өндірісін цифрландыру», 8D07102 – «Аддитивті өндіріс», 8D07113 – «Аддитивті өндіріс», БББТ D103 – «Механика және металл өңдеу»)

Төраға: К.К. Елемесов, т.ғ.к., профессор
Ғылыми хатшы: Д.Д. Басқанбаева, доктор PhD

Қатысқандар:

Төраға - К.К. Елемесов, т.ғ.к., профессор;
Төрағаның орынбасары - Б. Н. Абсадыков, т.ғ.к., профессор;
Ғылыми хатшы - Д. Д. Басқанбаева, PhD докторы.

Диссовет мүшелері:

Тошов Жавохир Буриевич - т.ғ.д., профессор, И.Каримов атындағы Ташкент мемлекеттік техникалық университеті.

Докторанттың шетелдік ғылыми кеңесшісі – В.В. Зотов, техника ғылымдарының кандидаты, «МИСИС» Ұлттық технологиялық зерттеу университеті Федералды мемлекеттік автономды жоғары білім беру мекемесінің «Тау-кен жабдықтары, көлік және машина жасау» кафедрасының меңгерушісі (РФ, Мәскеу).

Докторанттың отандық ғылыми кеңесшісі – Б.С. Бейсенов, т.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті КЕАҚ-нің Ә.Бүркітбаев атындағы Энергетика және машинажасау институтының «Технологиялық машиналар және жабдықтар» кафедрасы.

Докторант: Е.Е.Сарыбаев.

Қатысты - кеңестің барлық мүшелері.
Келмегендер – жоқ.
Кворум бар.

Төраға. Құрметті диссертациялық кеңестің мүшелері, бүгінгі отырысқа кеңестің барлық мүшелері қатысуда. Кворум бар. Кеңес жұмысын бастау туралы ұсыныс бар.

Дауыс береміз:

Келісемін – бірауыздан;
Қарсы – жоқ;
Қалыс қалғандар – жоқ.

Кеңес мүшелерінің күн тәртібі бар. Күн тәртібін бекіту үшін кім келіседі?

Дауыс береміз:

Келісемін – бірауыздан;
Қарсы – жоқ;
Қалыс қалғандар – жоқ.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Докторант Е.Е.Сарыбаевтың докторлық диссертацияларды қорғауға қабылдау және қорғау күнін бекіту үшін берген өтінішін қарау;
2. 2. «Қ. И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ 029-03-04-02.2.02-2024 Ережесіне сәйкес 2.3-тармақтың талаптарына сәйкес диссертациялық Кеңестің (бұдан әрі-ДК) уақытша мүшелерінің кандидатураларын қарау;
3. Докторант үшін ұсынылған ресми рецензенттердің кандидатураларын 029-03-04-02.2.02-2024 Ережесіне сәйкес қарау;

ТЫҢДАДЫ:

Бірінші мәселе бойынша 31.03.2021 ж. ҚР БҒМ №126-шы бұйрығымен бекітілген (14.06.2024 ж. ҚР ҒЖЖБМ №294-ші бұйрығына сәйкес өзгертулер енгізілген) Диссертациялық Кеңес туралы жаңа Үлгілік ережеге сәйкес біз, «Машина жасау, машиналар мен жабдықтардың цифрлық инженериясы» бағыты бойынша докторанттың өтінішін қабылдаймыз. «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ 029-03-04-02.2.02-2024 ережесіне сәйкес диссертациялық жұмысты қарастырамыз. Диссертация тақырыбы «Технологиялық машиналардың инвариантты камералық пневмо-жетектерін зерттеу және әзірлеу». Докторант Сарыбаев Ержан Ергалыевичтен докторлық диссертациясын қорғауға қабылдау және қорғау күнін бекіту үшін өтініш түсті.

Берілген өтініш пен тиісті құжаттар топтамасын ұсынуға арналған сөз ДК-тің ғылыми хатшысына ұсынылады.

Ғылыми хатшы Д.Д. Басқанбаева сөз сөйлеп, ДК – да берілген құжаттардың тізбесін жариялап, докторант берген құжаттар «Қ. И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ және ДК» КЕАҚ 029-03-04-02.2.02-2024 Т. ережелерімен қойылатын тізбе мен талаптарға сәйкес келетіндігін, докторанттың диссертациясын қорғау жөнінде Е.Е.Сарыбаев жайлы ДК шешім қабылдай алатынын атап өтті.

Диссертациялық кеңеске докторант келесі құжаттарды ұсынды:

- диссертацияны қорғауға қабылдау туралы диссертациялық Кеңес төрағасының атына өтініш;
- консультанттың жұмыс орны бойынша расталған отандық және шетелдік ғылыми консультанттардың пікірлері.
- докторант оқудан өткен жоғары оқу орнының жетекшілік ететін проректоры бекіткен диссертация оң қорытындымен және қорғауға ұсынымымен орындалған кафедраның кеңейтілген отырысының хаттамасы;
- қатты мұқабалы диссертация, 3 (үш) данада және электронды тасымалдағышта (CD-дискіде) (егер диссертация диссертациялық жұмыс түрінде қорғалған жағдайда);
- докторант оқыған ЖОО-ның бас ғалым хатшысы куәландырған ғылыми еңбектер тізімі және басылымдардың көшірмелері;
- докторант оқыған ЖОО-ның этикалық комиссиясының зерттеу объектілерінің (тірі табиғат объектілері мен мекендеу ортасының) құқықтарын, қауіпсіздігі мен әлауқатын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесінде бұзушылықтардың жоқтығы туралы қорытындысы.

Екінші мәселе бойынша. бойынша жаңа ережелер бойынша ДК құрамына ғылыми дәрежесі бар және осы ДК саласында ғылыми зерттеулермен белсенді айналысатын, докторанттарды даярлау бағытымен сәйкес келетін, сондай-ақ Clarivate Analytics компаниясының деректер базасында нөлдік емес импакт-факторы бар журналдарда соңғы 5 жылда кемінде 5 жарияланым бар кеңестің уақытша мүшелерін сайлаймыз. оларға қойылатын талап: (Web of Science) және/немесе Scopus базаларындағы жоғары импакт

факторы бар журналдардағы басылымдары, сондай – ак, Хирш индексі кемінде 2 ден жоғары болу керек.

ШКІРТАЛАС:

Тұрақты диссертациялық кеңестің мүшелері уақытша кеңестің үміткерлерінің кандидатураларын талқылады. Талқылаудан кейін осы талаптарға сәйкес келесі мамандардың кандидатуралары ұсынылды:

1) Нусіпәлі Роллан Карсонұлы – PhD, 6D071200 – Машина жасау, «Транспорт және машина жасау» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті (Тараз қ., Қазақстан Республикасы), Хирш индексі – 2.

2) Қуатова Мөлдір - PhD. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетіне қарасты ШЖҚ РМК "Академик Ө.А. Жолдасбеков атындағы Механика және машинатану институты", директордың ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары. CiteScore бойынша 35-тен жоғары 14 ғылыми жарияланым бар, Хирш индексі-4;

3) Қасенов Асылбек Жұмабекұлы, техника ғылымдарының кандидаты, Инженерия факультетінің "Машина жасау және стандарттау" кафедрасының профессоры, Торайғыров университеті КЕАҚ (Павлодар қ.). CiteScore бойынша 35-тен жоғары 26 ғылыми жарияланым бар, Хирш индексі-7.

Дауыс берулеріңізді сұраймын:

Келісті – барлығы;

Қарсы – жоқ.

Үшінші мәселе бойынша кеңес төрағасы, т.ғ.к., профессор Елемесов К.К., сөз сөйледі. Жаңа талаптарға сәйкес біз диссертация тақырыбы бойынша докторанттың ресми рецензенттерін қарап, таратуымыз керек. Докторанттың зерттеу саласында кемінде 5 (бес) ғылыми мақаласы бар бейіні бойынша дәрежелі мамандардың кандидатураларын беруіңізді сұраймын.

ШКІРТАЛАС:

Тұрақты диссертациялық кеңестің мүшелері диссертация тақырыбы бойынша докторанттың ресми рецензенттерінің кандидатураларын талқылады. Осы талаптарға сәйкес талқылаудан кейін келесі мамандардың кандидатуралары ұсынылды:

Докторант Е.Е.Сарыбаев «Технологиялық машиналардың инвариантты камералық пневмо-жетектерін зерттеу және әзірлеу» тақырыбы бойынша келесі мамандарға ұсынылсын:

1) Тұрдалиев Әуезхан Тұрдалиұлы, техника ғылымдарының докторы, профессор. Ректор-халықаралық көлік-гуманитарлық университетінің оқу жұмысы жөніндегі проректоры (Алматы қ.). CiteScore бойынша 35-тен жоғары 8 ғылыми жарияланым бар, Хирш индексі -1;

2) Сембаев Нұрболат Сәкенұлы-техника ғылымдарының кандидаты, Торайғыров университеті КЕАҚ инженерия факультетінің «Көлік техникасы және логистика» кафедрасының меңгерушісі (Павлодар қ.). CiteScore бойынша 35-тен жоғары 19 ғылыми жарияланым бар, Хирш индексі -3;

Дауыс берулеріңізді сұраймын:

Келісемін – барлығы;

Қарсы – жоқ.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Е.Е. Сарыбаевтың докторлық диссертациясын қорғау 13 сәуір сағат 14:00-де Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінде 050013, Алматы қ., Сәтбаев к., 22, Тау-кен металлургия корпусы, 271 ауд. Мекен-жайы бойынша өтеді, сонымен қатар онлайн форматқа қатысу үшін сілтеме:

<https://teams.microsoft.com/j/team/19%3ag6AUupp1IWofxuL00JJpW5jNsaM7Wk1HeuuhD1cQoA1%40thread.tacv2/conversations?groupId=e6b22054-31de-4384-b9be-a69705eeb881&tenantId=49cc33db-453b-4ada-aace-63c5dcd64f9c>

2. 8D07110 – «Машиналар мен жабдықтардың сандық инженериясы» мамандығы бойынша Сарыбаев Ержан Ергалыевич үшін диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері бекітілсін:

1) Нусіпәлі Роллан Карсонұлы – PhD, 6D071200 – Машина жасау, «Транспорт және машина жасау» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті (Тараз қ., Қазақстан Республикасы), Хирш индексі – 2.

2) Қуатова Мөлдір - PhD. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетіне қарасты ШЖҚ РМК "Академик Ө.А. Жолдасбеков атындағы Механика және машинатану институты", директордың ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары. CiteScore бойынша 35-тен жоғары 14 ғылыми жарияланым бар, Хирш индексі-4;

3) Қасенов Асылбек Жұмабекұлы, техника ғылымдарының кандидаты, Инженерия факультетінің "Машина жасау және стандарттау" кафедрасының профессоры, Торайғыров университеті КЕАҚ (Павлодар қ.). CiteScore бойынша 35-тен жоғары 26 ғылыми жарияланым бар, Хирш индексі-7.

3. Докторант үшін ресми рецензенттер бекітілсін:

Постдокторант **Е.Е.Сарыбаевқа** ресми рецензенттер:

1) Тұрдалиев Әуезхан Тұрдалиұлы, техника ғылымдарының докторы, профессор. Ректор-халықаралық көлік-гуманитарлық университетінің оқу жұмысы жөніндегі проректоры (Алматы қ.). CiteScore бойынша 35-тен жоғары 8 ғылыми жарияланым бар, Хирш индексі -1;

2) Сембаев Нұрболат Сәкенұлы-техника ғылымдарының кандидаты, Торайғыров университеті КЕАҚ инженерия факультетінің «Көлік техникасы және логистика» кафедрасының меңгерушісі (Павлодар қ.). CiteScore бойынша 35-тен жоғары 19 ғылыми жарияланым бар, Хирш индексі -3;

Дауыс беру нәтижелері:

Келісемін – барлығы;

Қарсы – жоқ.

Қалыс қалғандар – жоқ.

«Машина жасау, машиналар мен жабдықтардың цифрлық инженериясы» бағыты бойынша Диссертациялық кеңестің төрағасы, т.ғ.к., профессор

Ғылыми хатшы,
PhD докторы, қауым.профессор

Ф ҚазҰТЗУ 703-08. Хаттама



К.К. Елемесов

Д.Д. Басқанбаева